

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қаласы әкімдігінің

«Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Астана қаласы

2026 жылғы 10 маусым

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге мынадай құжаттар негіз болды (Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылған):

- қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы хабарландыру;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді ұйымдастыру туралы бұйрық;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі құрамдағы жұмыс тобы арқылы жүргізілді:

- Тергембаев С.И. – жалпы мәселелер жөніндегі директордың орынбасары;
- Рыскалин Р.О. – заңгер;
- Захариева Г.К. – комплаенс-офицер.

Талдау жүргізілген кезең: 2025 жылғы 1 мамыр – 2026 жылғы 1 мамыр.

Кәсіпорынның негізгі қызметі – халықтың рухани және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мәдениет саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы», «Мәдениет туралы» заңдарын және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

I. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері келесі мәселелерді қамтиды:

1. персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау;
2. мүдделер қақтығысын реттеу;
3. мемлекеттік қызметтер көрсету;
4. рұқсат беру функцияларын іске асыру;
5. бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
6. бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу;
7. жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
9. талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1. Персоналды басқару:

Кадрлардың ауысуы: Кәсіпорынның штаттық саны 100 бірлікті құрайды.

Ішкі талдау нәтижесінде 2025 жылғы 1 мамыр мен 2026 жылғы 1 мамыр аралығында 12 қызметкердің өз еркімен жұмыстан шыққаны, 11 адамның жұмысқа қабылданғаны анықталды.

Тәртіптік практикаға жүргізілген ішкі талдау барысында есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі аясында Кәсіпорынның 8 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды.

Лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны және Кәсіпорын қызметіне белсенді қатысқаны үшін 2 қызметкердің тәртіптік жазасы мерзімінен бұрын алынды.

Аттестаттау: Талдау кезеңінде 8 қызметкер аттестаттаудан өтті.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын сақтау: Еңбек шарттары, жұмыс режимі, демалыс, еңбек демалысы, қосымша демалыс күндері және ішкі еңбек тәртібі Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді.

Маусымдық қызметкерлер:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 134-бабына сәйкес Кәсіпорын қызметінде климаттық немесе өзге де табиғи жағдайларға байланысты белгілі бір маусымда орындалатын жұмыстар үшін қызметкерлерді маусымдық жұмысқа қабылдау тәжірибесі қолданылады. Атап айтқанда, гардероб қызметкерлері – 7 бірлік.

Маусымдық қызметкерлер талдау кезеңінде 2025 жылғы 1 қазаннан 2026 жылғы 24 сәуірге дейін жұмыс істеді.

2026 жылғы 14 мамырдан 1 қазанға дейін маусымдық қызметкерлер жалақы сақталмайтын демалысқа жіберілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі осы талдамалық анықтаманың №1 қосымшасында көрсетілген.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында жұмыс тобы Кәсіпорын басшысына тікелей бағынысты бос лауазымдарға жақын туыстардың орналасуы бойынша аффилирлену фактілерін анықтаған жоқ.

Мүдделер қақтығысының алдын алудың негізгі шаралары:

- қызметкерлердің заңнамада, Жарғыда, ішкі нормативтік актілерде және лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген міндеттерді қатаң сақтауы;
- жауапкершілік пен өкілеттіктерді нақты бөлетін ұйымдық құрылымды бекіту және қолдау.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері мүдделер қақтығысынан ада, ашық, уақтылы және тиімді шешімдер қабылдауға жауапты.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында кез келген деңгейдегі қызметкер:

1. өзінің жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды;
2. қызметтік жағдайы немесе қызметтік міндеттерін орындау барысында алған ақпарат есебінен жеке пайда табуға немесе өз мүддесіне пайдалануға жол бермеуі тиіс;
3. мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін қызмет түрлеріне қатыспауы тиіс;
4. Кәсіпорынмен байланысты мәмілелер, шарттар, жобалар бойынша немесе өзге де мәселелер жөніндегі кез келген тікелей немесе жанама мүдделілігі туралы ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен дереу хабарлауы тиіс;
5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қақтығыстарды реттеу үшін күш салуы тиіс.

Талдау кезеңінде Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Кәсіпорын квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қатыспайды, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген Кәсіпорын Жарғысында рұқсат беру және бақылау функцияларын жүзеге асыру көзделмеген.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:

Кәсіпорын бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу:

Осы бағыт бойынша 2025 жылғы 1 мамырдан 2026 жылғы 1 мамырға дейінгі кезең қамтылды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ.

2026–2028 жылдарға арналған бюджеттік бағдарлама Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №352/47-VIII шешімімен бекітілген.

Кәсіпорынның 2025 жылға арналған жеке қаржыландыру жоспары «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ басшысы Ж. Мейрманқұловтың 2025 жылғы 5 қаңтардағы бұйрығымен, ал 2026 жылға арналған жоспары 2025 жылғы 31 желтоқсанда бекітілген.

Қаражаттар 2025–2026 жылдарға арналған бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын бөлінеді. Кәсіпорын шығыстары театр және музыка өнерін қолдау бойынша бюджеттік бағдарламаның (007 бағдарлама) шеңберінде жүзеге асырылады және жарғылық қызметті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бюджет қаражатын жұмсау толықтық, негізділік, тиімділік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

Міндеттемелер бойынша берешек жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгіленген.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

2025 жылғы 1 мамыр мен 2026 жылғы 1 мамыр аралығында барлығы 66 шарт жасалды, оның ішінде:

- заңды тұлғалармен – 24 шарт;
- жеке тұлғалармен – 42 шарт.

Шарттар жасасу рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүргізілді.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Кәсіпорын ақпараттық жүйелерді әзірлеуші болып табылмайды.

Өз қызметінде келесі жүйелерді пайдаланады:

- қаржы-шаруашылық қызметті жүргізу жүйелері;
- мемлекеттік сатып алу порталы;
- электрондық құжат айналымы жүйесі;
- интернет пайдаланушысы ретінде;
- интернет-сервистер арқылы билет сату жүйелері;
- электрондық өтініштерді қабылдау жүйесі;
- персоналды басқару жүйесі.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

Жарғылық қызмет:

Кәсіпорын қызметі Жарғыда белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау кезеңінде келесі жаңа спектакльдер сахналанды:

- «Ар адамы. Бауыржан»;
- «Армандар орындалады»;
- «Сәйгүлік»;
- «45»;
- «Жылы мұң»;
- «Қажымұқан».

Есепті кезеңде барлығы 105 спектакль қойылды.

Көрермендердің жалпы саны 36 210 адамды құрады.

2. Мемлекеттік сатып алу мәні болып табылатын шарттарды жасасу.

Кәсіпорын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 маусымдағы №321 бұйрығын басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізілді.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын сақтауын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, оның ішінде камералдық бақылау арқылы жүзеге асырады.

Шарт жобасын қалыптастыру кезінде Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері өз құзыреттері шегінде жауап береді:

- бөлім басшысы – техникалық ерекшелік пен орындау мерзімдері үшін;
- заңгер – тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі үшін;
- бас бухгалтер – есеп айырысулар мен тараптардың деректемелері үшін;
- экономист – бюджеттік сәйкестік үшін.

Осылайша, шарт жобаларын келісу талаптары, электрондық шарттарды енгізу және мемлекеттік сатып алудың ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де нормалар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды.

Талдау кезеңінде барлығы 132 шарт жасалды, оның ішінде:

- бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен – 10;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 38;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 77;
- электрондық дүкен арқылы – 2;
- ашық конкурс тәсілімен – 5.

Қорытынды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданатын шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстар:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген негізгі қағидаттарды сақтай отырып, Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмысын жалғастырсын.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Жұмыс тобы Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

Жұмыс тобының мүшелері:

Тергембаев С.И.

Рыскалин Р.О.

Захариева Г.К.

Директор

А. Майер

Келісілді:

З. Нургалиева

Д. Ашкенов

Р. Жаксылыкова

С.Кашкин